

АУТИСТИКАЛЫҚ СПЕКТРДІҢ АУЫТҚУЫ БАР БАЛАНЫң АТА-АНАСЫ ҮШИН НЕГІЗГІ ҰСЫНЫМДАР:

- АСА бар балаларды тәрбиелеудің міндетті компоненті – психологиялық-педагогикалық түзетулер болып табылады. Баланы ерте басталған қарқынды/ ұзақмерзімді коррекциялық оқыту оның анағұрлым жайлы дамуына алып келеді.
- Баланың белгілі бір режимі мен ритмін қатаң ұстануға тырысының (бұл ретте, баланың қалауын барынша ескере отырып қыдыру, тамақ іши, үйиқтау, ойнау режимін және т.б. құрыңыз).



- Қарым-қатынас жасау және оқу үшін ынғайлы жабдықталған орынмен қамтамасыз етуге тырысының. Баланы қалжыратпаңыз, сезімдік жүктемесі ауыр болмауын қадағалаңыз.
- Баламен мүмкіндігінше жиі сөйлесіңіз, сөйлеу қарқындың тез болмауга тиіс, беретін тапсырмаңыз айқын және нақты болу керек.
- Балаға оның іс-әрекетін шыдамды түрде сабырмен түсіндіріңіз, ол үшін нақты ақпараттарды қолданған дұрыс болады (*сызбалар, кеспе қазаздар, суреттер*).
- Бала тапсырманы дұрыс орындаған кезде әрдайым оны қолпаштап, мактап отырыңыз. Өйткені, егер бала сіздің тарапынаныздан қолдау таппайтын болса, онда өзімен түйікталып, сізben сөйлесуден, қарым-қатынас жасаудан қашқақтайтын болады.

- Балаға әрдайым терең зейін қойып, оны байыппен бақылаңыз, оның жайсыздығын білдіретін титтей тілдік немесе тілдік емес белгілерді аулап, түсіне алатын болыңыз.
Мүгедектік белгілеу сұрақтары бойынша

Медициналық ұйымдар (учаскелік педиатр, психиатр және басқа мамандар), ДКК

- ❖ тексерілу, бақылау
- ❖ диагностика, диагноз қою
- ❖ медициналық оңалту, психологиялық-педагогикалық түзеу
- ❖ денсаулықтың тұрақты бұзылуы, тыныс-тіршілігінің шектелгені анықталған кезде – медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясына жіберу
- ❖ ДКК шешімімен – «Медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдама» электрондық нысанын толтыру
- ❖ тұрақты мекенжайы бойынша МӘС-ка жіберу

Медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС)

- ❖ Медициналық-әлеуметтік сараптама медициналық ұйымның ВКК жолдамасы мен белгілі бір құжаттар пакетінің негізінде (КР ДСМ 2015 жылғы 30.01. №44 бұйрығы), қаралуға келген күні кезекте түру бойынша өткізіледі
- ❖ МӘС бөлімдерінің сараптамалық қорытындысы организмнің жай-куйін кешенді бағалау және тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесі негізінде шығарылады
- ❖ мүгедектік белгіленген жағдайда – оналтуға қажетті құралдар мен қызметтерді айқындау
- ❖ мүгедектік алу баланың жасына тәуелді болмайды

Қосымша ақпараттарды мынадай сайттардан алуға болады: www.ainar.org,
www.special-edu.kz, nao.kz

Жадынама Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауымен әзірленген



**Аутистикалық спектрдің
ауытқуы бар баланың
ата-анасына арналған
ЖАДЫНАМА**

Нұр-Сұлтан (Астана), 2019 жыл



2 Апреля
ВСЕМИРНЫЙ день
распространения
информации об
АУТИЗМЕ

АУТИЗМ/АУТИСТИКАЛЫҚ

СПЕКТРДІҢ АУЫТҚУЫ (бұдан әрі – **ACA**)

– сырқат/ ми дамуының күрделі ауытқу тобы, ол тілдесуге және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ қоршаган әлемді қабылдау мен түсінуге зерен ететін адамның әлеуметтік бейімделуінің бұзылуымен, психикалық дамуымен байланысты.

ACA-ның даму СЕБЕПТЕРІ қазіргі кезге дейін толық анықталған жоқ. Болжамды себептерге түқым қуалаушылық, нейрофизиологиялық, инфекциялық, уытты, алиментарлық, экологиялық және т.б. себептер жатады.

НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРИ:

➤ адамдармен, ең алдымен, ата-анасымен, эмоциялық байланыстың болмауы (*адамның көзіне қарамайды, ата-анасының қолына ұмтылмайды, жынысып, күлмейді, ата-анасының қолга алып еркелетуіне жсі қарсы болады...*)

➤ әлеуметтену мен қарым-қатынас жасауда туындастын проблемалар (*өзгерістерден қорқу, басқа ортада отырып-ақ аутизммен ауыратын бала қатты жайсыздық сезінеді, қашып кетуі немесе тығызып қалуы мүмкін*)

➤ олар көбіне жалғыз отырғанды қалайды, қатарластарымен ойыншиқтармен ойнай білмейді, достық катынас күра алмайды. Ата-анасының қашан келіп, қашан кеткенін анғармайды. Қатты дыбыстарға, оларға айтылған сөздерге еш елеңдемей, жауап қатпайды, саңырау сияқты қалып танытады. Өзін қоршаган ортандың жағдайын сезінбейді....;

➤ көрсеткіштік ишарасының болмауы (мысалға, егер бала бір нәрсеге мұқтаж болса, ол өзіне керек нәрсеге ата-анасының қолын апарады);

➤ қайталама/қалыпты емес халде ұстау, қозғалыстарының стереотиптілігі (қолын сербеңдеть, шапалақтау, айналу, теңселу, шеңбер айнала жүгіру, бір нәрсеге үçіле қарау, ойыншиқты қалыптан тыс түрде қолдану, ойыншиқ машинаны жүргізіп ойнамай, оның дөңгелектерін сағаттар бойы айналдыра беру, нәрселерді бір сыйықтың бойына тізіп қою ...);

➤ дамуында өз қатарластарынан артта қалуы. Сөйлеуінің бұзылуы, сөздік қорының мардымсыз болуы, жаңғырық сөздерді айта беру (естіген сөздерді, фразалар мен сөйлемдерді бірден қайталау), өздігінен жаңа сөздер құрастыруы (неологизм), өзі туралы үшінші жақтан айтуы, өзіне қарап айтылған сөзді түсінуде тоқтап қалып барып артынан түсінуі, сөйлеу дағдыларының кері кетуі т.б.;

➤ моториканың бұзылуы (қимыл қозғалысының үйлесімсіздігі, ойыншиқты қысып ұстай алмайды, үш дөңгелекті велосипедті не машинаны тебе алмайды, аяғының ұшымен журуи, тене-теңдіктің жогалуы және ебедейсіз болуы, ...)

➤ үйкісінің бұзылуы, тамақ жеуде өзін шектеуі;

➤ агрессиялық ұстаманың болуы, оның ішінде өзіне қарсы бағытталған агрессия, өзінің тәнін жарақаттауга бейімділігі, жиі қайталанатын есірік;

➤ тамақта, киім киүде іріктеғіш, тандағыш болуы...

Құрметті ата-аналар!

❖ Балаңызды жиі бақылап, әр қадамын қадағалаңыз. Егер даму барысында қандай да бір ауытқуды байқасаңыз (оның ішінде жоғарыда көрсетілген белгілерді) керекті кеңестер алып, қажетті тексерілудерден өту үшін тез арада мамандарға жүгініңзі.

❖ **ACA МАҢЫЗДЫ!** «Аутизм диагнозы бір симптоммен қойылмайды. Тіпті келтірілген бірнеше белгілердің өзі үақытша сипатқа ие болуы мүмкін немесе баланың жеке басының ерекше мінезі болуы мүмкін.

❖ **Өз бетіңізбен** диагноз қоюши болмаңыз. Ол істі құзыретті мамандарға қалдырыыңыз. Әйткені аутизм белгілерімен басқа аурулар болуы мүмкін, немесе керінінше...

Күдік туындаған жағдайда қайда бару керек?

Ең алдымен, өзініз тұрган мекенжайға қарасты емханаға/тіркелген участекелік педиатр дәрігерге/ терапевтке қаралу керек.

Арнайы мамандардың бірқатар кеңестерін алып дәрігердің тағайындауы бойынша баланы тексеруден өткізу керек.

Тексеруге қатысатын **мамандар** баланы тексеруден өткізіп, диагноз қойып, емдеу жолын тағайынтайтын: психиатр, невролог, психолог, дефектолог, логопед, отоларинголог-сурдолог, окулист, физиотерапевт т.б.

Ерекше білім алуга қажеттілігі бар баланы диагностика мен психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеруден өткізу үшін психологиялық-педагогикалық түзетушілік қолдау үшін көрсеткіштерді белгілеу, оқу бағдарламасының типін анықтау және одан әрі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мақсатында тұратын мекенжайының бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беруге - **ПМПК-ге көрінудің маңызы** өте зор.